

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

өзгешеліктерді байқау және электронды мәтіндерге дискурстық талдаулар жүргізу үшін интернеттегі қарым-қатынасты зерттеу маңызды болып отыр. Электронды коммуникация мәселесін осы аспектілер аясында қарастыру үшін алдымен жанрлық түрлерін топтастырып, жүйелеп алған жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Иванов В.Ф. Массовая коммуникация. – М.: 2013, 356 с.
2. Горошко Е.И. Виртуальное жанроведение: устоявшееся и спорное // Ученые записки Таврического национального университета имени В.И. Вернадского. 2011 №1., С. 115-117.
3. Галычкина Е.Н. Специфика компьютерного дискурса на английском и русском языках. Диссеркандидата филологических наук - Астрахань, 2001, 212 с.
4. Кристалл Д. Cambridge University Press, 2004, 272 с.
5. Иванов Л.Ю. Язык интернета: Заметки лингвиста . – 2000. – [Электронный ресурс]. – URL: <http://www.faq-www.ru/lingv.htm>
6. Буторина Е.А. Интернет как лингвистический феномен. Граммота.ру – справочно-информационный ресурс «Русский язык» - 2001, [Электронный ресурс]. – URL: http://www.gramota.ru/biblio/magazines/gramota/net/28_50
7. Трофимова Г.Н. Проблемы интернет-коммуникации: межкультурный аспект // Вестник РУДН. 2012 №1. С.115-118.
8. Нестеров В.Ю. Нестерова Е.И. Некоторые аспекты коммуникационных процессов в Сети с точки зрения культурологии // 5-я Международная научно-практическая конференция Информационные системы и технологии "Виртуальный мир Инфосферы: практическое использование человеком". Владивосток, 1998, С.125-129.
9. Сидорова И.Г. Коммуникативно-прагматические характеристики жанров персонального интернет-дискурса. Дис. канд. филол. наук. – Волгоград, 2014, 249 с.

ӨОЖ : 82-3:398

ПРОЗАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДАҒЫ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ САЛТ ПЕН ӘДЕТ ҒҰРЫПТАР

Үшкемпір Алтынай

Altynai_95.kz@bk.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

филология факультеті «5В011700» - Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының студенттері,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Мақпал Оразбек.

Отбасылық салттың суреттелуі. Алғашқы қауымдық құрылыста бүкіл ру-тайпаның тіршілігін ойлау – ортақ міндет, сондықтан оның тағдырына әсер ететін ғұрыптарды бірлесіп өткергені белгілі. Адамдар тамақ қамымен аңға шыққанда отбасында қалған басқа адамдар да, далада жүрген аңшылардың өздері де дем алған сәттерінде олжалы қайту үшін және жол үстінде оқыс жағдай болмау үшін аңдар туралы жақсы сөздер, аңыздар айтатын болған. Көңілсіз әңгіме айтуға болмайтын.

Табиғат пен адамның бірлігі бұзылмаған кезде тотемдік сеніммен адамдардың аңға деген құрметі де ерекше. Анды не малды сойған кезде «сенде жазық жоқ, менде азық жоқ» деп айтудың өзі аң иесін ренжітіп алмау үшін кінәні өздерінен аударудан туған. Яғни ру-тайпаға ортақ ұстаным әулет, отбасында міндет болды.

Отбасылық ғұрыптардың кездесуі: Ш.Мұртазаның "Ай мен Айша" романындағы аластау, бесік жыры, тіл көзден сақтану шаралары, С.Ләмбекұлы "Арыстар" романындағы Нығмет Нұрмақов пен Сәкен Сейфуллин арасындағы құдаласу, ежеқабыл салтының еске алынуы, С.Сматаевтың "Елім-ай" шығармасында қалыңдықтың аулына күйеудің қоржын

әкелуі, әйелдердің отау алдына арқан керуі, шаңырақтан су құю, некеқияр, қолдустатар, "Кемпір өлді", "мойынтастар" салтының орындалғаны айтылады. М.Мағауиннің "Қыпшақ аруы" мен Б.Мұқай "Өмірзая" шығармасындағы "құтты келін" сарыны, С.Сматовтың кеңестік дәуірде жазылған "Елім-ай" романының екінші кітабында бесік жыры, тұсаукесу рәсімі, перзентсіздік зары және құдайдан бала тілеу ерекше көрсетілген. Б.Мұқай "Өмірзая" шығармасында қаралы хабарды айтудың өзіндік этикасы бар екенін, естірту дегеннің өзі осындай жөнді білетін адамдар арқылы жүзеге асырылатыны, артынша көңіл айту, жұбату және жоқтауда марқұмның жақсы қасиеттерін қосып айтуы көрсетілген. Ал, Ж.Тұрлыбайұлының "Райымбек батыр" шығармасында жиеннің нағашыларынан қалаған затын қалап алу еркіндігі және қазақтың ұл баланы сүндетке отырғызу салты, "сүндет тойы" көркем баяндалған.

Құтты келін сарыны М. Мағауиннің «Қыпшақ аруында» орын алған. Ш.Уәлихановтың дерегіне сүйенсек, жаңа түскен келінді жұмсақ тулаққа отырғызу сол XIX ғасырдың екінші жартысында да сақталған. Мұндай салттың орындалуы келіннің мінезі жайлы, жұмсақ болсын деген оймен байланысты қабылдануы – екінші сатыдағы ұғым. Сақтардың анттасу барысында бір теріге отырғанын еске алсақ, бұл екі бөлек адамның ниеттестікті білдіруіндегі бірлікті танытады. Мұндай симпатиялық магияның екінші қыры – имитациялық мәні терінің кез келген жануардікі емес, сиырдікі (бұзау) болуымен анықталады, яғни жаңа түскен келіннің құтты болуының бір мәнісі – оның келген елінде ұрпақ көбейтуі екендігі белгілі болады. Бірақ М. Мағауин шығармасында Айсұлу бегімнің тулаққа отырғаны немесе отқа май құйғаны айтылмайды. Қыпшақтар мұрасы ретінде тастан қашалған мүсіннің кеңестік дәуірде бұзылғаны саяси теріс көзқарасты жеткізсе, бәдізшінің оған жан «беруі», оны Айсұлу бегім деп, онымен өзі ғана сөйлесіп жүргені тек аруақпен тіл табысуы ғана емес, кейіннен белгілі болатындай, мүсінші қаланың қым-қуыт тірлігінен алысқа кетіп, ауылдан хабарласып, өзінің бақытты отбасының иесі екендігін білдіруі арқылы ұлттық рухтың өшпегенін жеткізу басты лейтмотив екенін танытады. Жазушы бұл шығармада Ұмай-Ана, немесе Жер-Ана туралы айтпаса да, адам топырақтан жаралған дейтін сарынды алға тартқан классикалық діндер ежелгі дәуірлердегі Жер-Ана деген түсінікті сақтаған жазушы да, қазақ халқының үрім-бұтағы тағдырдың талай тәлкегін бастан өткізсе де, ұлттық рухтың үзілмегенін жеткізгісі келген. Жазушы – рухани мұраны бағалай білуші, ол маман арқылы – бәдізшінің тас мүсінді тауып, яғни оның сынған, бүлінген жерлерін бүтіндеп немесе соның көшірмесін жасап, ескерткішті жаңғыртуымен мәселе бітпегенін түсіндіреді. Жазушының айтпағы тек ол емес. Шығарманың бірғана жерінде тас мүсін күйіндегі Айсұлу Саржанға: – ...Әулетке, жұртқа құт әкеліппін, – деген сөзі арқылы құт келін сарыны байқалады. Ұрпақтар жалғастығы көрінген тұста о бастағы табиғи бірлік туралы түсінігі алға шыққан. Жер-Анамен байланыс, рух ашық көрінбеуі жазушының көркем шығарма идеясын жеткізудегі сакральді ұғым ретінде сақталуымен байланысты.

Осындай тәсілді қолданған Мұқай Б. «Өмірзая» шығармасында әйел, жар қызметінде екі образ алынған. «Әсем – есті, ақылды. Ата-енесінің көңілін тез тапты. Жалғыз ұлдың тілеуін тілеп, оны тозбай, аты озбай, ел қатарлы өмір сүріп келе жатқан Қуат қарияның шаңырағына Әсем құт болып кірді», – дегенде құт келін сарыны орын алған. Құт келін Әсем – Аяған Қуатовтың некелі жары. Алматыда пәтерден пәтерге көшіп, үй жалдап жүрсе де, сүйрелеп, үш баласын қабақ шытпай, бағады. Өзі аурушаң болса да, келген жұртына «тастай батып, судай сіңген». Әрі халық түсінігінде құт келін болу үшін оның келген жерінде ұрпақтың үзілмеуіне қызмет етуі де қажет. Автор бұл ойды ашық айтпай-ақ, Қуат қарияның сөзі арқылы Әсемнің құт келін екендігін анық байқатады.

Бесік жырының қолданысы қай кезеңде болса да, жазушылар тарапынан көңілден де, қаламнан да тыс қалмаған. С.Сматаевтың кеңестік дәуірде жазылған «Елім-ай» романының екінші кітабында авторлық позиция да айқын: «Бесік жырынан құлағыңа құйылған уыз іңкәрлік туған дала, атамекен, ел-жұртқа деген сүйініштен нәр алмаушы ма еді? Отбасынан өрбіген бауырмалдық дейтін тәттінің бойды ұйытқан керім ынтымағы емес пе еді?», «Беу-беу, бесік жыры! Тынбашы! Тыңдатшы дүниенің ізгілігі мен сүйінішін! Сіңірші қанына,

жанына жомарт жақсылығыңды! Үйіп-төкші қайырым деп соққан ана тынысын! Өмірден аңсаған, бүр атқан игіліктің нәрін ғана, асылын ғана жишы бойына ұлымның!»— деп, халықтық тұрмысқа етене енген, әрі рухани қажеттілік саналған фольклорлық мұраға деген көзқарасы байқалады. Шығарма кейіпкері – Әйкіман ел ішін үркін-соққыға салған күйеуі Нақыпбек, т.б. содырлардың найзасына ілінген баласы өлі болса да, оны өлді деуге қимай, тірі баладай әлдилеп, бесікке бөлеп, бесік жырын айтады. Күтпеген оқыс жағдайдан есі ауысқан әйелдің аналық мейірімі мұндай жағдайда да бұзылмаған.

Қорыта айтқанда, прозалық шығармаларда отбасылық салттың қолданысы жанрлық ерекшелікке сай қолданылған. Естелікте олар сарқыншақты түрде тілге тиек болса, тарихи шығармаларда баяндалатын тарихи кезеңді ескерумен енгізілген. Авторлық шығарманың өзі қай дәуірде жазылса да – кеңестік кезеңде де, соңғы жылдары да отбасылық салтты мүлде айтпай кету мүмкін еместігін көрсетеді.

Жерлеу ғұрпының бейнеленуі. Адам санасының балаң шағындағы адам жанының өлмейтіндігі туралы ұғымның дамып, аруақтар культінен біркұдайлық дінге дейін жалғасуы, осыған байланысты жерлеу ғұрпының

рәсімдері мен оған қатысты фольклордың пайда болып, оның өзінің ұзақ тарихи даму жолынан өткені белгілі.

Әсіресе, «советтік өмір салтын орнықтыру» идеясын ұстанып, бұрынғы әдет-салттармен арнайы күрес шаралары жүргізілген кеңестік дәуірде аталмыш ғұрып елеулі өзгерістерге ұшырап, бүгінгі күнге сарқыншақ күйінде жетті. Қазіргі күні жерлеу ғұрпы фольклорының аясы тарылып, кейбір рәсімдік мағынасы ғана қалған. Азалау рәсімдерінің көне түсініктерден туған белгілі бір уақытта бұлжытпай атқарылу міндеттілігіне де өзгеріс еніп, отбасының мүмкіндігіне, жиналған қауым уақытының ретіне қарай рәсімдерді жинақтап, біріктіріп өткізуге дейін өзгерді. Дегенмен, аталмыш ғұрыптың құнды тұстары өзгерген, түрленген күйде де күні бүгінге дейін жалғасуда. Сан ғасырлардан келе жатқан ғұрыптық рәсімдер қайғылы жандардың көңілін аулау, күйзелістен шығару, марқұм алдындағы өздерінің міндет-парызын атқарудың құралы ретінде әлі де аса бағалы, сол арқылы қайғылы жандар көңіл жұбатысып, тіршілігіне тәубе етеді. Халықтың «қайғыны бөліссең, азаяды, қуанышты бөліссең, көбейеді» дейтін тұжырымы да осыдан туған. Қазіргі кезеңдегі (әсіресе, қала жағдайындағы) азалы музыка, марқұмды еске алу сәттері, ел болып ас беру, ескерткіш тақта ілу, естеліктер жазу да жерлеу ғұрпының жаңарған, жаңғырған түрлері болып табылады. Ал, осы ғұрып пен оны тудырған халық наным-сенімінің бүгінгі көркем прозадағы көрінісі, негізгі тақырыпқа қатыстылығы, жазушының айтар идеясына әсер-ықпалы, сюжет дамуымен сабақтастығы, композициямен бірігіп, жымдасып кетер көркемдік ерекшеліктері әр қаламгерде әрқилы. Мәселен, Т.Нұрмағанбетовтің «Кене» әңгімесіндегі «Жан-кене», «жан-түйе», «жан-бүркіт», «жан-көбелек» ұғымдары, Д.Досжан шығармаларындағы «жан – қара шыбын», «әзәзіл - егеуқұйрық» түсініктері, Қ.Түменбайдың «Ажал», «Бейкүнә қулық» әңгімелеріндегі өліп-тірілу оқиғалары мен С.Досанов пен С.Елубай прозасындағы аштықтан қынадай қырылған қазақ тағдыры осы күрделі тақырыптың кейбір қырларының жазба әдебиетіндегі көркемдік сипаты. Себебі, тұтас жүйеден тұратын жерлеу ғұрпын көркем шығармада тұтас бейнелеу мүмкін емес. Қаламгерлер өлім оқиғасына қатысты жайларды әңгіме еткенде, негізінен, көне мифтік түсініктерді көркемдік құрал етеді. Өйткені, мифология өнердің, әдебиеттің, поэзияның өркендеуіне зор әсер етіп, адамзатты түйіндей айтуға үйреткен. Ал, көркем шығармада қазақ айтқандай, «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін» жинақтап жеткізу, тақырып аясынан ауытқымай, қысқа да дәл суреттеу қаламгерлердің даралық қолтаңбасын айқындайтын белгілердің бастысы. Бұл тұрғыда фольклордың атқаратын қызметі де салмақты. Мәселен, белгілі жазушы Т.Нұрмағанбетовтің «Кене» әңгімесінің сюжеті де осы көне наным-сенімдерге негізделеді. Аяқ астынан қайтыс болған Бимен өзінің жаны мен тәнінің өзгерісін өзі сезіп жатады.

Бұл жөнінде Ш.Уәлиханов: «Өлген адамның о дүниедегі хал-ахуалы жерленгендегі, жерленгеннен соңғы ырым-жоралардың салт-санаға тән бұзылмай орындалуына байланысты

еді. Егер өлімнен кейінгі ырым-жоралар дұрыс орындалса, өлген адамның рухы жайбарақат күйге түсіп, өз үрім-бұтақтары мен туған-туысқандарына шапағатын тигізіп, жебеп жүреді, ал, олай болмаған жағдайда жауығып, аруағы қарғап-сілейді», – дейді. Яғни жазушының марқұм кейіпкерін жаны ауырып, жоқтап жылап жатқан бірде-бір адам жоқ. Бұл, ең алдымен, ет жақын адамдарының, әйелінің, ұл-қызының әрекетінен көрінеді. Ал қызметтестерінің жасырын сырлары ашылады. Осы арқылы автор адамдар арасындағы бауырмалдық, туыстық сезімге сызат түсіп, адам өлімнің өзіне немқұрайды қарай бастаған қатыгездік мінез сипатын береді. Тірілерден демеу көре алмаған «аруақтың» одан арғы тағдыры да көне ұғымдарға сай көркемделген.

Қазақ халқының жерлеу ғұрпы өзегіндегі көне түсініктердің сарқыншақтары мұсылмандықтың басымдық алуына байланысты бір ізге түсіп, ортақ заңдылықтар ретінде қабылданған.

Бұрынғы дәстүр бойынша өлген адамның әйелі, қыздары, апа, қарындас және келіндері шаштарын жайып салып, бүйірлерін таянып, жылауы мен оған көңіл айта келген әйелдер жағының қосылып бірге жыласуы орындалуға тиіс міндет болған. Жылау үстінде марқұмның туған қыздары мен әйелінің шаштарын тарқатып жайып беріп, жетісі өткен соң қайтадан өріп беру рәсімдері жайлы Н.И.Гродеков, Х.Арғынбаевтар түрлі мағлұматтар береді. Жерлеу ғұрпындағы шаш жаю ұғымдары – ежелгі шашын жұлып, кесу, бетін тілгілеп, қан шығарып, денесін жарақаттау салттарының сарқыншақ түрі. Мұндай киелі күштерді мейірлендіру мақсатындағы қан беру арқылы жан ауыстыруды көздейтін көне жерлеу рәсімдерінің ізі қазақ әйелдерінің қайғыдағы өз халін «басым қаралы, бетім жаралы» деп сипаттайтын сөздерінде сақталған. Бұл жағдайдың әсіресе, марқұмның сүйегін үйден шығарарда айқын көрінетіндігін Ы.Алтынсарин: «сүйекті шығарарда өлген адамның әйелдері ойбай салып, дауыс шығарады, оған ауылдағы басқа әйелдер де қосылады. Беттерін тырнап, қан қылады. Бастарына түскен қайғы-қасіретін жұрт алдында қаншалық күштірек көрсеткісі келсе, беттеріне де жара соншалық көп түседі», – деп сипаттайды.

Бұрынғы жерлеу ғұрпының тұтас қызметі, ондағы сөздік формалар, мысалы: жоқтау сөз арқылы марқұммен сөйлесіп, оны мадақтау, о дүниеге игілік тілеуі мұсылмандық түсінікте де жалғасын тауып, Құран сүрелерінің киелілігі туралы оймен көмкеріледі. Жоқтаушы өз сөзінде дұға арқылы марқұмға көмек етуді көптің есіне ұдайы салып отырады.

Өлген адам мүсәпір,
Мұқтаж болып тұрады
Оқыған аят-дұғаға.

Жазушы шығармасында тірілердің осындай ниет-пейілін көре алмаған «Жан-Бимен» жалғызсырайды. Көңілі құлазып, айналасына алаңдайды, жақын-жуығынан қайран болмаған соң, Бимен-аруақтың өзге аруақтардың жақындарынан мейірім күтуін беру – шығарманың әсерін арттырып, адам қатыгездігі мен қайырымсыздығын әсірелей көрсетудің әдісіне айналған.

Шығармадағы жазушы кейіпкерінің жаны осы тозаққа жіберілген жан ретінде сипатталады. Өйткені, ол тіршілігінде көп қиянат жасаған, қарғысқа, назаға ұшыраған адам. Әрі оның өліміне қайғырған тірі пенде жоқ. Дәстүрлі кәде – салттар атқарылмаған. Шығармадағы Бәймен жанының кенеге айналуында осы түсініктермен қоса күнәлі болғаннан басқа нәрсеге айналу жайлы көне мифтік түсінік сілемі қабаттасқан. Бұл жөнінде С.Қасқабасов:

«Адамның хайуанға, тағы басқа нәрсеге ауысуы – бір себеппен байланыстырылады. Соның бірі – адам кінәлі немесе күнәлі болып жаза ретінде аңға айналады. Жазаның бұл түрі ежелгі адамның магиялық сеніміне, яғни сөздің құдіретіне сенушілікке негізделген», – дейді.

Мифтердің айтуы бойынша, рудың тотемдік қағидаларын бұзған немесе оларды құрметтемеген адамды жан шошырлық жаза күтеді. Сондай жазалардың бірі – адамды аңға, я болмаса жансыз нәрсеге айналдыру деп ұғынылған. Мұндай жаза түріндегі құбылу сөздің

күдіретті күші бар деген сеніммен байланысты және мифологиялық сананың аясында ғана сақталған... Жазалаудың нәтижесі болатын құбылу мифте ылғи да тыйым салынған тотемдік салтты бұзумен байланысты болмайды. Адам келбетінен айырылудың себебі көбінесе бүкіл рудың этикалық тәртібін бұзу болып табылады. Шығармадағы кене – тіршіліктегі айналасының жанын білдірмей жаралап өзгенің бақытсыздығынан қуаныш табатын қанішер мінезді адамдардың образы. Автор өмірде көп кездесетін мұндай адамдарды суреттеудің өзгеше әдісін тапқан. Ол – фольклорлық ұғымдағы өлгеннен кейінгі адам жанының өзгеріс сипаты туралы көне түсінік.

Ал, тіршілікте жасалған залымдық пен зұлымдық та өз жазасын алады дейтін ұғымды автор кейіпкердің жанының адам да емес, я киелі жануар, құс та емес, ең кіші әрі қатерлі жәндік – кенеге айналуы арқылы бедерлеген. Бұл метаморфозалық әдіс – қазіргі әдебиетте көрініп жүрген елеулі көркемдік үрдіс.

Рулық дәстүрлердің көрінісі. Архаикалық қоғамнан бері келе жатқан жеке адамның тағдыры алғашқы қауым, рулық қоғамының іс-әрекеті мен таным – түсінігі, өз қауымының салт-дәстүрімен тығыз сабақтасып жатады. Яғни өмір сүру салты өз ата-тектерінің жүріп өткен өмірлік тәжірибесіне негізделеді.

Рулық әдет-ғұрып, салт-дәстүрді қатал сақтаған адамдардың жоғары бағаланып, ал ол қағидаларына бағынбағандарды қауым мүшелерінің топтасып, тезге салып отыруы, туысқандық бірлікке негізделген өмір сүру принципінің ұзақ уақыт сақталуының алғы шарттары болған.

Әулет, отбасы ұғымдарының аса маңызды рөл атқарғандығы бүгінгі көркем прозада бірде тақырып, бірде деталь күйінде көрініс береді. Мәселен, Д.Исабековтің «Өкпек жолаушы» повесіндегі бір ғана көркемдік детальда қазақтың отбасылық тәрбиесінің көне заңдылықтары жинақталған.

– Әжем қызық адам болатын, – деді Зейнеп әлгі қайғы құрсауынан біршама босаңғандай кенет басқа әңгіме бастап. – Ол кісі әулеттегі әйел адамның бірде біреуін басқа жерде босандырмаушы еді. Екі қабат әйелдерді жолға да шығармайтын. Егер екіқабат келіндерінің кейбірі ілуде төркіндеріне кете қалса, екі жақты азан-қазан, у-шу ғып, өзі барып, ертіп келуші еді. «Үйде тұмаған әйелдің баласы мейірімсіз болады» деп айтып отыратын-ды. Қазіргі әйелдер үйде тұмайтын болды емес пе? Бәлкім, әжем; байғұс бірдеңені білген соң қақсап келген шығар. Біз тыңдадық па оны! Сөзін құлағымызға да қыстырмай, оны әжуалап, келеке ғып талай күлмеп пе едік!... – дейтін, кейіпкер сөзінде терең мағына жатыр. Себебі қазақ халқының перзент мәселесіне өте жауапкершілікпен қарауы, бас құрап, балалы болғаннан соң ғана емес, оған дейінгі қыз ата-анасының арлы, әдепті текті болу талаптарынан басталады. Ал, қыз ұзатылып, келін түскеннен кейінгі отбасылық жағдайдағы талап пен міндеттер өз алдына бөлек бір жүйені құрайды. Әсіресе, жас келіннің бойына бала біткенін байқаған тәжірибелі ана-әжелердің «тіл-көзден сақтасын» деп түрлі ырым-жоралар жасауы, ауыл әйелдерінің жиналып «құрсақ тойын» өткізуі, келінді жалғыз қалдырмау, түнде отын-суға жұмсамау, түйе етін жегізбеу, бақан аттатпау, отауға қару-жарақ, қамшы балта, қасқырдың азуы, бүркіттің тұмсықтарын іліп қоюы сияқты толып жатқан іс-әрекеттердің әрқайсының ана мен балаға байланысты терең наным-сенімдік мән-мазмұны болған. Демек, Д.Исабеков кейіпкерінің әжесі айтқан «бір ауыз» сөз бүкіл халықтың ұрпақ тәрбиелеуге деген аса зор жауапкершілігін танытады.

Халықтық этика бойынша қайын жұртындағы барлық адамдардың атын тура атамай басқа атпен алмастырып айту «ат тергеу» деп аталады. Оның көне мағынасы адамға қойылған есімнің жанмен байланыстылығы туралы мифтік түсініктермен байланысып жатыр.

Кейіпкерінің әжесімен аттас болғандықтан, бүкіл ауылдың келіндерінің әже деп атап кетуін автор кейіпкер тілімен былайша береді.

« – Атым – Зейнеп. Бірақ мені білетін жұрт «Әже» дейді. Зейнеп деген үлкен әжеміздің аты екен. Жарықтық жүз үш жасқа келіп, алжымай өліпті. Қазақтар өзінен үлкен адамның атын атамайды емес пе, соны білген бір ағамыз менің атымды бүкіл ауыл боп атай алмай

жүрсін деп, әдейі осылай деп қойыпты. Бүкіл ауылдың менің атымды атай алмай тосылып қалғанына әуелгіде мәз болған әлгі ағамыздың қуанышы ұзаққа бармапты, ойы ұшқыр жеңгелеріміз үлкен әжелеріне ұқсатып, мені «Әже» деп атап кете барыпты. Бір жасымда әже болғам, содан күні бүгінге дейін әжемін, ал, сіз мені қарындас дегіңіз келеді!».

Кез келген халықтың өсіп-өркендеуі жас ұрпақтың шаңырақ көтеріп, отбасы құруына байланысты екені белгілі. Халық даналығы бұл туралы «Адам ұрпағымен мың жасайды» деп тұжырымдайды. Мәңгі жасағысы келетін халық, атадан балаға ауысатын қара шаңырағын көзінің қарашығындай қорғап, ізгі дәстүрлердің ұрпақтан ұрпаққа ауысуын үнемі қалт жібермей, қадағалап отырады.

Отбасылық салттағы: авункулат, кувада секілді көне түсініктер сілемінің көркемдік мәні мен тұсау кесу, бала асырап алу, қонақ күту рәсімдері және отбасындағы әке, ана, келін, қыз, ұл ұғымдарының фольклорлық тұрғыда көріну сипаттары да шығарманы ұлттық реңін күшейте түскен.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Уәлиханов Ш. Таңдамалы. Алматы, 1985. 174-б.
2. Гродеков Н.И. Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области. Ташкент, 1889. С. 259.
3. Арғынбаев Х. Қазақ халқындағы семья мен неке. Алматы, 1973. 108-б.
4. Алтынсарин Ы. Екі томдық шығармалар жинағы. Алматы, 2003. 1-т. 122-б.
5. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. Алматы, 1984. 76-б.
6. Мағауин М. Қыпшақ аруы. Алматы, 2007. 42-б.
7. Мұқай Б. Өмірзая. Алматы, 1998. 468-б.
8. Исабеков Д. Бес томдық шығармалары. Алматы, 2003. 2-т. 343-б.

«ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР» ЖЫРЫНДАҒЫ ЗАТ ЕСІМДЕРДІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ТОПТАРЫ

Шолакова Аяжан Кенжебаевна

Aya_kenzhebaevna@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ филология факультеті «филология: қазақ тілі»
мамандығының

3-курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.д. Сыздықова Гүлбаршын Олжабайқызы

Ескі мәдени мұрамыздың ескерткіші ретінде сақталған қаһармандық эпостарымыздың бірі – «Қобыланды батыр» жыры – көркемдік биік қасиеттері жағынан дүниежүзі халықтарының белгілі қаһармандық эпостарының қатарында тұрған классикалық шығарма.

Ғалым М.Ғабдуллиннің «Қобыланды батыр» жыры жайында 1946 жылы қорғаған диссертациясы кейін тағы да толықтырылып, жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы ретінде жазылған «Қазақ халық ауыз әдебиеті» деген кітабына негізгі бір тарау болып енеді [1.18]. Жырдың нұсқалары жөнінде М.Ғабдуллин: «Қобыланды батырдың» қолда бар он екі вариантын мазмұнына қарай салыстырғанда, екі тақырыпқа бөлуге болады. Біріншісінде, Қобыландының жас шағынан бастап қартайғанға дейінгі ерлік өмірі, қызылбастармен күресі суреттеледі. Бұл әңгімелер Марабай, Мергенбай, Біржан айтқан жырлардың негізгі мазмұны болады. Екіншісінде, батыр қарамағындағы ел-жұртын хандардан, олардың зәбір-зомбылығынан қорғап отырады; Қобыланды батыр сол хандарға қарсы күреседі. Мұны біз Нұрпейіс, Айса, Мұрын жырларынан көреміз», - десе, Ә.Қоңыратбаевтың «Қазақ фольклорының тарихы» атты еңбегінде: «Қобыланды жырының 29 нұсқасы болса, соның ортасында Марабай сюжеті тұрады. Онда Қобыландының қияттарға еріп, Қызылбас ханы Қазанды, одан соң Көбіктіні өлтіруі, Қарлығаны олжалау, ең аяғында